bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Топырақтың қандай қасиеті бар?

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 02.06.2020 | https://bilimger.kz/76070/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар**<br>**3-бөлім. Заттар және олардың қасиеттері. Табиғи ресурстар.**<br><br>Күні: 17.01.20 ж<br>Сынып: 3 «Б» | | **Мектеп: Ы.Ноғайбаев атындағы №18 орта мектеп**<br>**Мұғалімнің аты-жөні : Ельбаева Улжамал Отаровна**<br>**Қатысқандар:**<br>**Қатыспағандар саны:** |
| | | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:** | **Топырақтың қандай қасиеті бар?** |
| **Оқу мақсаттары** | 3.3.4.2 — топырақтың негізгі құрамын зерттеу (құм, саз, өсімдік пен жануарлардың қалдығы, су, ауа)<br>3.1.2.3 -экспериментті жоспарлау және жүргізу |
| **Сабақ мақсаттары** | Топырақтың құрамы туралы түсінік қалыптастыру. Топырақтың құрамын зерттеп анықтау. |
| **Бағалау критерийлері** | Топырақтың негізгі құрамын зерттейді (құм, саз, өсімдік пен жануарлардың қалдығы, су, ауа). |
| **Сөздік қор** | Табиғи ресурстар, топырақ, құм, саз, өсімдік пен жануарлардың қалдығы, су, ауа сөздер мен терминдерді пайдаланады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Өмір бойы білім алу, еңбек және шығармашылық. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Дүниетану |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | 2 – сыныпта табиғи ресурстар туралы өтілген білімдерін қайталау |

Сабақ барысы

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың<br>басы<br>2 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың<br>ортасы<br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10  минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>8  –минут | **І.Ұйымдастыру бөлімі.**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>(Ұ) Оқушыларды «Шаттық шеңбер» бойымен тұрғызылып, үш тілде сәлемдесу айтады.<br>Балалар бүгінгі көңіл-күйлеріңіз қандай?  О-О-О-балалар айтады.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Еш уайымды білмейміз. – жарайсыңдар!<br>**1, 2, 3, 4 — сандары бойынша топқа бөлу.**<br>**Сұрақ –жауап әдісі**<br>**Балалар, үйге  берілген тапсырманы еске түсірейікші, қандай тақырып өттік.**<br>**Жақсы, балалар енді сіздер  әр топқа берілген пазлды құрастырыңыздар. Оқушылар пазлды құрастырады. Пазл бойынша әр топ өз жауабын айтады.**<br>**Қай топ дайынсыздар**<br>**1-      топ  қандай пазл құрастырылды, жауабы: Сазды топырақ**<br>**2-      топ  қандай пазл құрастырылды, жауабы:  Құмды топырақ**<br>**3-      топ  қандай пазл құрастырылды, жауабы:  Сор топырақ**<br>**4-топ  қандай пазл құрастырылды, жауабы:  Қаратопырақ**<br>**Балалар, топырақ дегеніміз не?**<br>**Оқушылардың жауабы:  Топырақ  — жердің беткі борпылдақ қабаты.  Әр топтар топырақтың суретіне қарап топырақтың қандай пайдасы бар туралы айтады.**<br>**Сазды топырақ  —  Құламаларда тұрақты және су бұзып кетуіне  қарсы келе топырақ; Жолдың негізі үшін жақсы материал болып табылады.  Сор топырақты  қолдан жақсартпайынша,оларды ауыл  шаруашылығына пайдалану тиімсіз.**<br>**Құмды топырақ – өзара байланысы жоқ, су өткізгіш, мұзданғанда ылғалдылықты жинауға бейімделмеген, ылғалды жерге себу үшін ең жақсы материал, бірақ су бұзып кететіндіктен бекітуді талап етеді.**<br>**Сор топырақ  — Орманды дала, дала, шөлейт және шөлді аймақтардағы құрғақ климат жағдайында топырақтың тұздануы нәтижесінде қалыптасады. Құрамында суға тез еритін тұздар көлемі 1 пайыздан артық болады.**<br>**Қаратопырақ**<br>**4 Топта пазл құрастыру ды өте керемет құрастырдыңыздар.**<br>**Балалар назарымызды интербелсенді тақтаға аударамыз.Тақтадағы ребусты шешіңіздер,  бүгінгі сабағымыздың тақырыбы шығады.Оқушылар тақырыпты табады.**<br>**Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:  Топырақтың қандай қасиеті бар?**<br>**Балалар,  оқулықтарыңыздың 10 – бетін  ашамыз.Бүгінгі сабағымыздың мақсатын Арайлым оқыңызшы.**<br>**Яғни, біз бүгін топырақтың қасиеті туралы білетін боламыз.**<br>**Енді, балалар интербелсенді тақтаға назар аударыңыздаршы.**<br>**Видеоролик  I mektep.kz. Видеороликте   не туралы айтылған? – деп сұрақ қойылады.**<br>**Оқушылардың жауаптарын тыңдаймын.**<br>**Оқушылар видеороликте не туралы көргенін айтады.**<br>**Енді, балалар келесі тапсырмаға қарайықшы.**<br>**Не ортақ?**<br>**4 –топқа оқулық бойынша тапсырма беріледі.**<br>**Проблемалық  сұрақ**<br>**1-топ  Артық сөзді табасыздар. Қарашірік,су, құм, қант, саз, ауа.**<br>**2 –топ  Қалған сөздердің арасында қандай байланыс бар?**<br>**Қарашірік , құм, саз ауа  су**<br>**3 –топ  Сіздерге тапсырма Топырақтың түсі. Суретке қараңыз. Не байқадыңыз. Қаратопырақ, Қоңыр топырақ, Құмды топырақ**<br>**4 –топ  Топырақтың басты  қасиетіне байланысты қандай тірек сөздер қолданады екенбіз.**<br>**Тірек сөздер:   Борпылдақ, құнарлылық**<br>**Тапсырма орындату.**<br>**Жақсы, керемет балалар тапсырманы жақсы орындадыңыздар. Енді келесі тәжірибені жасап  көрейікші , алдарыңыздағы бір уыс топырақты алақаныңызға қысып, қандай өзгеріс болғандығы туралы  1 –топ айтыңыздаршы. Жақсы, тамаша.**<br>**Келесі  2- топ осы тәжірибенің негізінде қандай қорытынды шығардыңыздар?**<br>**3- топ қандай топырақтың құрамында ауа  көбірек болады деп ойлайсыздар  не себептен? Тамаша керемет**<br>**4-топ топыраққа ауа  не үшін қажет деп ойлайсыздар?**<br>**Зерттеу жұмысы**<br>**Енді, балалар Негеш пен Эврикаға зерттеу жұмысын жасауға көмектесеміз бе?  Топырақта су қалай қозғалады?**<br>**сіздерден көмек сұрайды.  Балалар қандай зерттеу жұмысын  көріп отырсыздар. Екі шыны ыдыстың бірінде  тас салынған және қара топырақ салынған суретті көріп отырмыз.  Енді осы  2 ыдысқа су құямыз.   Тас   пен  қаратопырақ    туралы  қандай  қорытынды шығарасыздар.**<br>**Балалар кезкелген топырақ бір- бірімен араласқан  қатты, сұйық, газ тәрізді бөлшектерден тұрады.** | Шаттық шеңбер<br><br><br><br><br><br><br>Пазл құрастыру<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ребусь шешу<br><br><br><br><br>Оқулықпен жұмыс<br><br><br>**бейнефильм**<br><br>Топырақ туралы<br>Не ортақ?<br><br><br>Сұрақ –жауап<br><br><br><br><br><br><br>Зерттеу жұмысы |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>5 минут<br><br>3 минут<br><br>1 минут</td><td colspan="2">1-топ. Топырақты қорғау үшін не істеу керек?<br>2- топ Топырақты пайдаға жарату<br>3- топ Топырақтың пайдасы мен зияны<br>4-топ Топырақтың қасиеті, құрамы —флипчарт қорғау<br>Әр топ бір –бірін жұлдызша беру арқылы бағалайды.<br>I mektep.kz. Топырақ туралы тест тапсырмалары<br>Кері байланыс: Балалар егер сіздер бүгінгі сабақты түсінген болсаңыздар қолдарыңыздағы шелекті топыраққа толтырамыз , Егер әліде зерттеу керек деп ойласаңыз онда шелекті жартылай топыраққа толтырыңыз, егер сабақты түсінбеген болсаңыздар, онда шелекті бос қалдырамыз.<br>Қорытынды:<br>Топырақ қарашіріктен, құмнан және саздан тұрады. Топырақта ауа мен ылғал болады.<br><br>Топтар бір-бірінің тәжірибе қорытындыларын салыстырып, дескрипторлар арқылы бағалайды.<br><br>Дескрипторлар:<br>— бірінші тәжірибеге сүйеніп топырақтың құрамын (ауа, құм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтарын) анықтайды;<br>— екінші тәжірибенің негізінде топырақтың құрамында су болатыны туралы қорытынды жасайды.</td><td>флипчарт<br><br>I mektep.kz.<br>Топырақ туралы<br><br>«Бұл не?Бұл кім? Топырақ.»</td></tr>
<tr><td>1 минут</td><td colspan="2">Үйге тапсырма: Оқулықтағы топырақ жайлы мәліметтерді оқу.</td><td></td></tr>
<tr><td>Дифференциация оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</td><td>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?</td><td colspan="2">Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</td></tr>
<tr><td>Топта жұмыс жасату арқылы дифференциациялау. Қабілеттері әр түрлі оқушыларды топтастырып жұмыс жасату. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру үшін қабілеті жоғары оқушыларға күрделі тапсырма беру.</td><td>Оқушылардың топырақ құрамын зерттеу барысында жасаған қорытындыларынан білімдері бағаланады</td><td colspan="2">Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Қолданылған сергіту сәті мен белсенді оқыту әдістері<br>Сабақ барысында қауіпсіздік ережесін сақтау.</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.